

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

*Досова А.Т.¹, Әбсадық А.А.², Макатова А.А.³

¹фил.ғыл.канд., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессорының м.а., Қостанай, Қазақстан,
e-mail: almdosova@mail.ru

²фил.ғыл.док., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, Қостанай, Қазақстан,
e-mail: absalmas@mail.ru

³Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің магистранты,
Қостанай, Қазақстан,
e-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланы жазу барысында Ыбырай Алтынсариннің халықты сауаттандыру жолындағы оқу-білімге деген көзқарасын танытатын шығармалары талдауға түсті. Жалпы оқырманға кең тараған «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы негізгі зерттеу объектісі болып табылады. Ыбырай Алтынсарин шығармалары концептілік бағытта талдауға түсті. Ағартушылық тақырыбында жазылған шығармаларының мазмұны мен тәрбиелік мәні концептуалдық талдау жүргізу кезінде ашылды. «Оқу» және «өнер» концептілерінің мазмұнын ашатын фреймдік құрылымдар зерделенді. Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын талдай келе, жазушы шығармаларының өзекті тақырыптары – оқу және өнер деген тұжырымға келдік.

Мақалада Ыбырай Алтынсарин шығармаларына концептілік талдау жасау арқылы мәтін тілінің лингво-когнитивтік деңгейін анықтауға тырыстық. Оқу және өнер ұғымдарының мәнін ашатын тілдік бірліктерді сұрыптап, олардың мәтіндегі лингвистикалық қызметін айқындадық. «Оқу» және «өнер» концептілерін танытатын тілдік бірліктердің мән-мағынасы *Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде* берілген анықтамалар арқылы түсіндірілді. Сондай-ақ олардың мәтіндегі қолданысы анықталып, лингвистикалық қызметі айқындалды.

Зерттеудің теориялық бөлімін қарастыруда қазақстандық ғалымдардың концептология жөніндегі ғылыми еңбектері басшылыққа алынған. Мақаланың ғылыми-теориялық бөлімі тәжірибелік маңыздылығымен логикалық тұтастықта байланысқан.

Мақалада келтірілген ғылыми-теориялық тұжырымдарды Ыбырай Алтынсарин шығармашылығына арналған арнайы курстарда басшылыққа алуға болады. Сондай-ақ жұмыс нәтижелерін *Когнитивтік лингвистика, Тіл білімінің жаңа бағыттары* пәндері бойынша өтілетін семинар сабақтарында, білім алушылардың өздік жұмыстарын орындауда қолдануға болады деп ойлаймыз.

Ғалым-педагогтің шығармашылығын зерттеу Қазақстан ғылымында жаңа көзқарастар мен тың идеялар қалыптастыруға септігін тигізері анық. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының танымдық сипатын айқындау алғаш рет қарастырылып отыр. Бұл зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Тірек сөздер: мәтін, концепт, фрейм, Ыбырай Алтынсарин, оқу, еңбек, өнер, таным

Негізгі ережелер

Қазақстандық білім беру ісінің негізін салушылардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Қазақ халқының сауат ашу, жазу мен оқу жұмысына ерекше назар аударып, оқулықтар мен әдістемелік құралдар басып шығару ісімен белсене айналысты. Ұстаздық қызметі жолында озық тәжірибелі ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ халқының танымдық қабылдауына жеңіл төл туындылар жазды. Балалар әдебиетіне айрықша көңіл бөлді. Сол себептен де «Қазақ хрестоматиясы» жинағында жарияланған өлеңдері мен әңгімелерінің басым көпшілігі ағарту ісіне бағытталған.

Кіріспе

Қазіргі таңда Ыбырай шығармаларын заманауи тұрғыда талдау жұмыстары өзекті болып отыр. Осы себептен де «Қазақ хрестоматиясы» еңбегін негізгі зерттеу объектісі ретінде таңдап алдық. Ендігі кезекте, таңдалып алынған шығармалардан *оқу* мен *өнер* түсініктерін тереңірек аша алатын концептілік жүйелерге талдау жүргізу керек.

Бүгінгі таңда когниция, концепт, когнитивті лингвистика ұғымдары қазақ тіл ғылымында маңызды зерттеу бағыты қызметін атқаруда. Себебі шығармаға концептілік талдау жүргізу әуелі, ақын я жазушының өзіндік стилін анықтау, тілдік құралдар арқылы өмір, әлем жайында түсініктерін тұжырымдау, ұлттық не болмаса жекелей дүниетанымдық яки біліми көзқарасын тану секілді мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тіліне концептілік талдау жасалынды. Автордың шығармаларында «оқу» және «өнер» концептілерін ашатын тілдік бірліктерді ғаламның көркемдік және тілдік аясындағы лингво-когнитивті деңгейдің бірлігі ретінде қарастыра отырып, мәтіннің танымдық жүйесін анықтадық. Автор шығармаларының танымдық сипатын танытатын фреймдердің мән-мағыналары ашылды. Сондай-ақ зерттеу жұмысында сипаттау, жүйелеу, мәтіндік талдау, қорыту әдістері қолданылды.

Талқылау

«Когнитивті лингвистика немесе когнитология тілді жалпы танымдық механизм ретінде, танымдық құрал ретінде ақпаратты ұсынуда (кодтауда) және түрлендіруде рөл атқаратын белгілер жүйесі болып табылады» [1, 146 б.]. Демек, когнитология бағыты автордың ақпаратты жалпы оқырманға ұсынудағы ерекшеліктері мен өзгешеліктерін жинақтайтын бір тұтас жүйе қызметін атқарады. Ақын не жазушының өмірдегі көзқарасы мен дүниетаным құндылықтарынан көрініс береді. Көп жағдайда автордың өзі өмір сүрген замандағы қоғам мәселелерінен хабар береді.

Кез келген концептіні талдау барысында оның негізгі мағынасы мен білдіретін ұғымына мән беру керек. Ұғым бар жерде мазмұн бар. Концептінің мазмұны арқылы ой-санамызда сол концептінің арнайы белгілері мен

байланыстары пайда болады. Бұл концептіні талдауда алғашқы шарттардың бірі әрі маңыздысы.

С.Г. Воркачев: «Концепт - ойдың операциялық бірлігі. тілдік көрінісі бар және этномәдени ерекшеліктерімен белгіленген ұжымдық білім бірлігі (жоғары рухани тұлғаларға бағытталған)», - деп анықтайды [2, 43 б.]. Егер ақыл-ой білімінің этномәдени ерекшелігі болмаса, ғалымның пікірінше, ол концептіге жатпайды.

А.А.Залевская концептіні ғылыми сипаттаудың (құрылымдардың) өнімі ретіндегі ұғымдар мен мағыналардан айырмашылығы адам санасында объективті түрде өмір сүретін динамикалық сипаттағы перцептивті когнитивтік-аффективті формация ретінде көрсетеді [3, 39 б.].

В.В.Красных өзінің еңбегінде концептінің мәдени объекті ретінде көрнекі прототипі жоқ, бірақ онымен байланысты көрнекі-бейнелі ассоциациялар мүмкін болатын ең абстрактілі идея екеніне назар аударады [4, 272 б.].

Қазақ ғалымы С.Е.Кәрібай жазушыны дүниенің бейнесін көркемдегіш құралдармен шынайы суреттеуі арқылы өзінің ішкі әлемінің қаншалықты көркем екендігін аңғартуға мүмкіндік береді деген ой түйеді. Соған байланысты автордың тілдік ерекшеліктерін танытатын сөз қолданыстары концептілік өріс құрып, ғалам бейнесін сол концептілер арқылы танудың негізі болып табылады [5, 7 б.].

«Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде бірнеше концептілерді аңғаруға болады. Бірақ солардың ішінде ең жиі кездесетін концептілер – «оқу» және «өнер» болып табылады. Ыбырай шығармаларындағы «оқу» концептісінің мән-мағынасын ашу үшін түсіндірме сөздіктегі анықтамаға назар аударсақ.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде оқу сөзінің мағынасы жан-жақты ашылған. «Ізденумен, үйренумен жинақталған білім, мағлұмат жиыны. Оқу-тоқу. Оқу арқылы білім алу, зердедегі білім. Оқу-тәрбие: оқу-тәрбие жұмысы – әрі білім беру, әрі тәрбие беру жұмысы» [6, 629 б.]. Осы анықтама арқылы жалпы сөзінің мазмұны мен мағынасын айқындап алдық. Ыбырай атамның шығармаларында оқу екі мағынада да қолданыс тапқан. Алғашқысы берілетін білім тұрғысынан, екіншісі білімді іздеу, жинақтау мағынасында.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Ыбырай шығармаларының мазмұндық-тақырыбының басым көпшілігі оқу, сауаттылық, білім беру ісіне бағытталған. Әңгіме не өлең атауынан шығарманың негізгі айтар ой-түйінін бірден көруге болады. Ыбырай шығармаларынан оның адамгершілік, білім алу ісімен айналысудың маңыздылығына баса назар аударғандығын аңғару қиын емес. Еңбектерінен «оқу» концептісін айқын көре аламыз. Оқудың адам баласына сыйлайтын мүмкіндіктері туралы «Сөз басы» атты өлеңінде оқыған адам Құдайды танып-біледі деген ой айтады [7, 10 б.].

Автор осы өлеңінде оқудың адам баласына сыйлайтын мүмкіндіктерін сипаттайды. Екі түрлі жағдаятты салыстыра отырып, әртүрлі нәтижелер болатындығын көрсетеді. Бірінші жағдаятта білім алуды, оқумен айналысуды таңдаған адамдарды қарастырады. Бұл категориядағы адамдар кез-келген дүниені жауабын тауып, тіпті *бір жаратқан Құдайдың* өзін тани алады. Екінші жағдаятта оқу-білімді таңдамаған адамдардың қиындықтарға тап

болатындығын *негізінде ұнайды* тіркесімен астарлы меңзейді. Осылайша, білім арудың қажет екендігін білдіреді.

Нәтижелер

Фрейм – концептуалдық талдаудың қарапайым түрі. Ол концептінің ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалары арқылы көрініс табады [8, 12 б.]. Бұл дегеніміз – адам санасында бұрыннан жинақталған қағидалар мен тәжірибелер арасындағы сабақтастық бейнесі. Фрейм арқылы ақын не жазушының дүниетанымы, оның қоғамда қалыптасқан ойы мен көзқарасынан ақпарат аламыз. Енді оқу концептісінің мазмұнын тереңірек таныта алатын фреймдік құрылыстарға мысалдар келтірсек. Төмендегі фреймдік құрылыстар арқылы Ыбырай Алтынсариннің оқу-білім жайлы көзқарасы мен қарым-қатынасын біле аламыз.

1-фрейм. Оқу – ықылас, көңіл. Автор оқырманды оқумен айналысуға бағыттайды. Бұны *кел, балалар, оқылық* тармағын 9 рет қайталау арқылы жеткізеді. Қайталау тәсілі арқылы оқудың маңыздылығын меңзейді, айтылар ойды мұқият жеткізуді мақсат тұтады. Ыбырай Алтынсарин жай қайталау түрін пайдаланады:

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! [7,10 б.]

«Оқу» концептісі ұғымын ашу кезінде *ықылас, көңіл* сөздеріне баса назар аударады. Бірінші, оқыған дүниені көңілге сақтау қажет. Екінші, ықыласпен тоқу керек. Осы алгоритмді мұқият ұстанған кезінде ғана алынған ақпарат пен білім санада берік сақталады. Осы фрейм құрылысы арқылы оқумен айналысатын адамның ниеті мен ынтасының бірінші кезекте болуы қарастырылады.

Осы өлең мазмұнын әрі қарай мұқият оқу кезінде ойсурет құрылымын аңғару қиын емес. Фрейммен салыстырмалы түрде ойсурет құрылымы күрделірек болып табылады. Өйткені, ойсурет құрылымы оқырман санасында айрықша бейне (нобайы) мен суреттер қалыптастыруы қажет. Демек, ойсурет бейне, символ, метафора, аллегория тәсілдері көмегімен танылады [8, 15 б.].

Сөз басы (кей жерлерде *Кел, балалар, оқылық*) атты өлеңінде оқудың беретін мүмкіндіктері мен игі жақсылықтарын сипаттауда бірнеше ойсуреттер келтірілген. Яғни, *шамнан шырақ жағылар, тілеген дүние тілемей-ақ алдынан табылатыны»*.

2-фрейм. Оқу – Қыдыр-ата. Келесі фреймдік құрылыс арқылы көз алдымызға материалдық игіліктерді елестетеміз. Адамдардың бұған қол жеткізе алуы үшін тек оқулары тиіс. Ал оқымаған адамның мал-дәулеті бір жұтасаң жоқ болатын ықтималдықты жазады. Қыдыр-ата фреймін қолдану арқылы оқу-білімнің пайдасын түсіндіреді:

Жөн білмеген наданға,

Қыдыр-ата дарымас [7, 10 б.] - дейді.

Қыдыр-ата фреймі тек қазақ халқына тән ұлттық ерекшелігімізді бейнелейтін ұғым болып табылады. Қазақ танымында сәттілік пен бақ-

дәулетті сыйлаушы осы Қыдыр ата есептелінеді. Автор оқуға бет бұрған адамдардың әрдайым серігі сәттілік пен бақ болатындығын, ал надан адамдарға бұл қасиеттер ешқашанда дарымайды деп түйіндейді. Келесі өлең шумақтарында осы ойды күшейте, қуаттай түседі.

3-фрейм. Оқу – тіреу. Ыбырай өмірде тек оқудың мәңгі пайдалы болатыны жайлы жазады. Бәрінен бұрын оқудың өмірдегі ең сенімді құрал екендігін меңзейді. Оқудың адам баласын алға дамытушы тірек қызметін атқаратындығын *тіреу* фреймдік құрылысы арқылы бейнелейді. Дегенмен, осы *оқу - тіреу* мағынасын сценарий құрылымы арқылы жеткізеді.

«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде «оқу» концептісінің практикалық қызметі баяндалады. Ыбырай ойсурет құрылымын қолдану арқылы адам баласына оқудың сыйлайтын жақсы нәтижелерін тізбектеп жазады. Өлең толығымен ойсуреттен тұрады. Жақсы нәтижелер қатарына: *тастан сарай салғызу, жылдам хабар алғызу, аты жоқ құр арбаны – күн жарымда барғызу, адамды құстай ұшыру, отынсыз тамақ пісіру, сусыздан сусын ішіру* сынды көптеген ұлы жаңалықтарды атап өтеді. Бұның барлығы дәл осы оқудың жемісі екендігін дәлелдейді.

Білім алу кезінде жалқауланбай, еңбек ету күллі дүние құпияларын анық қылады. Ғылым-біліммен айналысатын адамдарға өмірді тану мен түсіну әлдеқайда оңай болмақ. Осы себептен де оқуға ұмтылуға кеңес береді.

Өлеңді түйіндей келе, оқумен қатар өнерді де қатар алып жүруге кеңес береді. *Өнер – жігіт көркі* деген мақалдың маңыздылығын ашып көрсетеді.

Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер атты екінші тарауда «оқу» концептісінің тереңдетілген мазмұн нұсқасын көре аламыз. Бірінші тарауда *оқу – ынта, білім, ықылас* сөздерімен ассоциациялана қолданылса, екінші тарауда *оқу – ғылым, өнер* ұғымдарымен теңестіріле жазылады.

4-фрейм. Оқу – ғылым, зерттеу. Оқуды меңгерген адам кез келген сауалдың жауабын анықтап таба алады. Осы жайында «Ғалым кісі» әңгімесінде Құдайдың жаратқан күн, ай, жұлдыздар, тау-тастың барлығын танып-білу үшін *иманыңның жартысын* табиғаттың осы сыйын зерттеуге арнау керектігіне тоқталған. Жастарды ғылыммен айналысуға шақырған [7, 37 б.].

5-фрейм. Оқу – сенімді кітап. Ақпараттың жалған не шынайы екенін, ақ пен қараны анықтауда оқу көмектеседі. Ал оқу болса, кітапқа сүйенеді. «Лұқпан әкім» әңгімесінде сопысымақ бір адам ауруларды емдеу Құдайға наразылық білдіру деген уәж айтады. Ал Лұқпан әкім болса, біліммен келген тәжірибені сенімді кітапқа түсіріп, халқыққа пайда тигізу адам үшін ең басты мақсат екенін айтады [7, 38 б.].

Автордың Балғожа бидің немересіне жазған хаты туралы өлеңінде білім алудың маңыздылығын, надандықтың зиянын баяндайды. Оқыған, білім алған адамдардың қиындықсыз өмір сүретіндігін сөз етеді. «Ата-ананы өнер білсең, асырарсың» деп жақсы білім алуға бағыттайды.

Ыбырай шығармаларында «өнер» концептісі «оқу» концептісімен сабақтастықта қолданылған. Себебі оқу бар жерде өнер-білім қатар жүреді.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде *өнер* ұғымына түсінік берілген. *Өнер*. 1. Бір шаруаны ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік, іскерлік. 2. Шындық өмірді шығармашылық жолмен, көркем образдар арқылы суреттейтін көркем өнердегі жанр. 3. Ауысп. Кәсіп, қарекет. Өнер көрсетті [бастады, шығарды] – тосын қылық жасады. Өнері тасыды – асқан шеберлік көрсетті, шеберлігін танытты. Өнер-білім. Өнер мен білімнің жымдасып ұштасқан жинытығы [6, 654 б.]. Расымен де, өнер адам бойындағы ерекше талант пен қабілет, бұны шығармадағы оқиға желісін толық оқу арқылы көз жеткізе аламыз. Ыбырай оқу, білім алудың жақсы игіліктерін баяндайды. Алайда, екінші маңызды қасиеттердің бірі – өнер деп көрсетеді. Оны төмендегі әңгімелер арқылы шынайы факт ретінде аңғару қиын емес.

1-фрейм. Өнер – көпір салу. *Зеректік* әңгімесінде судың үстіне көпір салуды жоспарлап жүрген ұста жайлы баяндалады. Осы әңгіме желісі арқылы өнертапқыштық баяндалады. Өрмекшінің өрмегіне көзі түсіп, өзеннің үстіне шынжыр тартып, екі жағын биік бағандарға бекітіп, қарапайым халыққа ыңғайлы көпір тұрғызады [7, 38 б.].

2-фрейм. Өнер – жібек ойлап табу. *Силинчи деген ханым* әңгімесі Қытай патшасының данышпан ханымының жібекті ойлап шығаруы жайында. Ханым жібек құрттарды абайлап қарап жүреді. Байқампаздығының арқасында құрттардың өрмегінен жіп істеп, жібек орамал тоқуды үйренеді. Халқына тұт ағашының пайдасын түсіндіреді [7, 39 б.].

Осы әңгімелер өнердің пайдасын көрсетеді. Өнер аңғарымпаздық, ізденушілік қасиеттер арқылы қалыптасатындығы көрсетіледі.

3-фрейм. Өнер – көмек. «Білгеннің пайдасы» атты әңгімесі өнердің адам баласына тигізер көмегі жайлы баяндалады. Броун деген жігіттің етікшілік өнері арқылы өзін және отбасын асырап, бақытты өмір сүруі жазылады.

Өнерлі адам өз отбасына ғана емес, қоғамға өз пайдасын әкеледі. Ыбырай Алтынсарин шығармасында жастарды өнерді меңгеруге шақырған.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Ыбырай жастарды білім алуға, оқу мен өнерді қатар алып жүруге, оны өмірде пайдалануға бағыттайды. *Оқу* концептісінің мазмұнын ашатын *оқу – ықылас, көңіл, оқу – Қыдыр-ата, оқу - тіреу, оқу – ғылым, зерттеу, оқу – сенімді кітап* (5) фреймдері терілді. *Өнер* концептісі *көпір салу, жібек ойлап табу, көмек* (3) фреймдік құрылымы арқылы ашылады.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының концептологиялық жүйесінің дінгегі - *оқу* және *өнер* концептілері екендігі мәтіндерден алынған мысалдарды талдау арқылы дәлелденді. Автор қолданған тілдік бірліктер шығарма тілінің танымдық сипатын анықтауға жұмсалған.

Зерттеу нысаны етіп алынған *Қазақ хрестоматиясындағы* шығармалардың қазақ ұлттық дүниетанымын танытатынына, автордың өмірлік ұстанымын көрсететініне көз жеткіздік.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының өзегі – адамзатты оқу-білімге шақыру. Автор қазақ жастарын өнер үйрену арқылы өмірде өз орындарын табуға бағыттайды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Даулетова М. Т. Концепт когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттанудың негізгі бірлігі ретінде // ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2021. – №. 6. – Б.146-152

[2] Воркачев С. Счастье как лингвокультурный концепт. – М.: ИТДГК: Гнозис, 2004. – 192 с.

[3] Залевская А.А. Психолингвистический подход к проблеме концепта // Методические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж: Издательство Воронежского университета, 2001. – С. 36-44.

[4] Красных В. В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – М.: ИТДГК: Гнозис, 2003. – 375 с.

[5] Кәрібай С.Е. С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект): филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2010. – 25 б.

[6] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.

[7] Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2007. – 112 б.

[8] Имашева Г.Е. М.Дулатұлы шығармаларындағы Ғаламның тілдік бейнесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 24 б.

REFERENCES

[1] Dauletova M. T. Konzept kognitivti lingvistika men lingvomädeniettanudyñ negizgi birligi retinde (The concept as the main unit of cognitive linguistics and linguoculturology) // QR ŪĜA Habarşysy. – 2021. – №. 6. – 146-152 b. [in Kaz.]

[2] Vorkachev S. Schaste kak lingvokulturnyi konsept (Happiness as a linguocultural concept). – М.: İTDGK: Gnozis, 2004. – 192 s. [in Rus]

[3] Zalevskaia A.A. Psiholingvisticheski podhod k probleme konsepta (Psycholinguistic approach to the concept problem) // Metodicheskie problemy kognitivnoi lingvistiki. – Voronej: İzdatelstvo Voronejskogo universiteta, 2001. – S. 36-44. [in Rus.]

[4] Krasnyh V. V. «Svoi» sredi «chujih»: mif ili reälnöst? («Own» among «strangers»: myth or reality?). – М.: İTDGK: Gnozis, 2003. – 375 s. [in Rus.]

[5] Kärıbai S.E. S.Mūqanov poeziasyndağy avtorlyq metaforalar (kognitivtik aspekt). (Author's metaphors in the poetry of S. Mukanov (cognitive aspect)): filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasiyanyñ avtoreferaty. – Astana, 2010. – 25 b. [in Kaz.]

[6] Qazaq tılınyñ tūsındırme sözdıgı. 50 myñğa juyq söz ben söz tirkesı (Explanatory dictionary of the Kazakh language. About 50 thousand words and phrases). – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 967 b. [in Kaz.]

[7] Altynsarin Y. Qazaq hrestomatiasy. (Kazakh reader). – Almaty: «Bılım», 2007. – 112 b. [in Kaz.]

[8] İmaşeva G. E. M.Dulatūly şyğarmalaryndağy «Ĝalamnyñ tıldık beinesı» (Linguistic picture of the Universe in the works of M. Dulatuly): filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasiyanyñ avtoreferaty. – Almaty, 2007. – 24 b. [in Kaz.]

КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА

*Досова А.Т.¹, Абсадық А.А.², Макатова А.А.³

*¹канд.фил.наук, и.о. профессора Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан,
e-mail: almdosova@mail.ru,

²док.фил. наук, профессор Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан,
e-mail: absalmas@mail.ru,

³магистрант Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан,
e-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru

Аннотация. В статье представлен анализ произведений Ыбырая Алтынсарина, отражающих его подход к обучению и просвещению народа. Объектом исследования является учебник «Казахская хрестоматия», получивший распространение среди широких масс. Концептуальный анализ позволил раскрыть содержание и воспитательное значение произведений, написанных на тему просвещения. Изучены фреймовые структуры, раскрывающие содержание концептов «просвещение» и «искусство». Анализируя творчество Ыбырая Алтынсарина, мы пришли к выводу, что просвещение и искусство являются актуальными темами произведения автора.

В статье определен лингвокогнитивный уровень языка текста путем концептуального анализа произведений Ыбырая Алтынсарина. Были выбраны языковые единицы, раскрывающие сущность понятий просвещения и искусства, определена их лингвистическая функция в тексте. Значение языковых единиц, представляющих концепты «просвещение» и «искусство», объяснялось определениями, приведенными в *Толковом словаре казахского языка*. Также было определено их использование в тексте и рассмотрена их лингвистическая функция.

В теоретической части исследования мы руководствовались научными работами казахстанских ученых, изучающих концептологию. Теоретическая часть исследования логически связана с его практической значимостью.

Научно-теоретическими выводами, приведенными в статье, можно руководствоваться на специальных курсах, посвященных творчеству Ыбырая Алтынсарина. Мы также считаем, что результаты работы могут быть использованы на семинарских занятиях, при выполнении самостоятельной работы по дисциплинам *Когнитивная лингвистика, Новые направления языкознания*.

Изучение творчества ученого-педагога способствует формированию новых взглядов и новых идей в казахстанской науке. Впервые рассматривается когнитивный аспект произведений Ыбырая Алтынсарина, что определяет актуальность темы нашего исследования.

Ключевые слова: текст, концепт, фрейм, Ыбырай Алтынсарин, просвещение, труд, искусство, когнитивный

COGNITIVE ASPECT OF THE WORKS OF YBYRAY ALTYSARIN

*Dosova A.T.¹, Absadyk A.A.², Makatova A.A.³

*¹Cand.Phil.Sc., Acting Professor of Ahmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan,
e-mail: almdosova@mail.ru

²Doc.Phil. Sc., Professor of Ahmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan,
e-mail: absalmas@mail.ru

³Master student, Ahmet Baitursynuly Kostanay Regional University,
Kostanay, Kazakhstan,
e-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru

Abstract. The article presents an analysis of the works of Ybyray Altynsarin, reflecting his approach to teaching and educating the people. The object of the study is the textbook «Kazakh Anthology», which has become widespread among the masses. The conceptual analysis allowed to reveal the content and educational significance of the works written on the subject of enlightenment. The frame structures revealing the content of the concepts «enlightenment» and «art» are studied. Analyzing the work of Ybyray Altynsarin, we came to the conclusion that enlightenment and art are the actual themes of the author's work.

The article defines the linguocognitive level of the text language by conceptual analysis of the works of Ybyray Altynsarin. The linguistic units that reveal the essence of the concepts of enlightenment and art were selected, their linguistic function in the text was determined. The meaning of the linguistic units representing the concepts of «enlightenment» and «art» was explained by the definitions given in the Explanatory Dictionary of the Kazakh language. Their use in the text was also determined and their linguistic function was considered.

In the theoretical part of the study, we were guided by the scientific works of Kazakhstani scientists studying conceptology. The theoretical part of the study is logically connected with its practical significance.

The scientific and theoretical conclusions given in the article can be guided by special courses dedicated to the work of Ybyray Altynsarin. We also believe that the results of the work can be used in seminars, when performing independent work in the disciplines of Cognitive Linguistics, New directions of linguistics.

The study of the creativity of a scientist-teacher contributes to the formation of new views and new ideas in Kazakh science. For the first time, the cognitive aspect of the works of Ybyrai Altynsarin is considered, which determines the relevance of the topic of our research.

Keywords: text, concept, frame, Ybyray Altynsarin, enlightenment, work, art, cognitive

Статья поступила 31.01.2023